


Бекітемін:

Мектеп директоры м.а.

Мұхаметжанова Н.Т

31 тамыз 2023 жыл



Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің  
«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша  
«Б.Момышұлы атындағы негізгі орта мектебі»КММ  
2023-2024 оқу жылына арналған  
**КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ**



## КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫҢ НҮСҚАУЛЫҒЫ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;

халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;

әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

### Міндеттері:

- Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
- Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
- Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен
- әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

- Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
- Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

- ✓ Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
- ✓ Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
- ✓ Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
- ✓ Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
- ✓ Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: **ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.**

**Ұлттық мүдде құндылығы:**

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдыққағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

**Талап құндылығы:**

Сыни және креативті ойлау;  
 Жеке және командалық жұмыс істей білу;  
 Білуге, жаңаны тануға құштар болу;  
 Физикалық белсенді болу;  
 Салауатты өмір салтын ұстану;  
 Технологиялық және цифрлық дағдыларды игерілету;  
 Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;  
 Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

**Күтілетін нәтижесі:**

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

*Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі*

*Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:*

- ✓ баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
- ✓ баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;
- ✓ баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

***Ұсынылады:***

- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;
- балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;
- балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;
- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

***6-10 жастағы бала тәрбиесі***

***Ұсынылады:***

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;
- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолдану аясын кеңейту;
- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады

## ***Жасөспірім тәрбиесі (11-15 жас)***

### ***Ұсынылады:***

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;
- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

## ***Жастар тәрбиесі (15-18 жас)***

### ***Ұсынылады:***

жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;

ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;

ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;

отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;

адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік

қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс

сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының

(меңгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.
- Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:
- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);
- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.
- Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.

- Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас\_тәрбие хештегін тегтеу  
*Ескерту: Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда ұсынылған мақсат- міндеттер мен мазмұнын сақтай отырып, өңірдегі жергілікті ерекшеліктерді ескеру маңызды.*

Жоспарды іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар:

- ❖ Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;
- ❖ Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;
- ❖ Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі; Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі;
- ❖ Қазақстан Республикасының Жоғары білім және ғылым министрлігі;
- ❖ Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі; Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;
- ❖ Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі; Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі;
- ❖ Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі; Қазақстан халқы Ассамблеясы
- ❖ Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері.



## ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары

5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар

№	Іс-шараның атауы	Құндылық индикаторы	Аяқталу Нысаны	Жауаптылар
1	1 қыркүйек - Білім күні «Мектеп – мейірім мекені»	- Ұлттық мәдениетті дәріптеу; -Білуге, жаңаны тануға құштар болу;		Сынып жетекшілер
3	«Адалдық сағаттары» Таза табиғат,таза ауа» («Еңбек адал жас ерен» жобасы)	Академиялық адалдық қағидаларын ұстану,дұрыс қарым-қатынас орната білуге үйрету	Анықтама	Сынып жетекшілер
4	«Қиындықтың бәрін еңбек қана жеңбек» («Еңбек адал жас ерен» жобасы)	-қоғам игілі үшін қызмет ету; - Адал еңбекті құрметтеу	Еңбек күні	Сынып жетекшілер
5	«Отбасы- бақыт мекені» (Ата-аналар мектебі) жобасы	Отбасының ортасының абыройын асыру; - Өзің, отбасының , сыныптың , қоғамның бір мүшесі екенін сезіну.	Дөңгелек стол	Сынып жетекшілер
7	«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» түсіндірме жұмыстары	-қоғам игілі үшін қызмет ету; - Адал еңбекті құрметтеу	Түсіндірме жұмыстары	Сынып жетекшілер
8	«Буллинг және Кибербуллинг» дегенді қалай қабылдайсың? («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы)	Балалардың ақпараттық қауіпсіздіктен сақтануын қамтамасыз ету	Тренинг	Сынып жетекшілер
9	Мектеп ережесін ұстану оқушы міндеті (Өр талапты, озық ойлы ұлан» жобасы)	Дұрыс қарым-қатынас жасау	Түсіндірме	Сынып жетекшілер
10	«Ақындар айтысы» поэтикалық сайысы жобасымен жұмыс	Ақындық өнерді дәріптеу	Сынып сағаттары	
11	Ұлы даланың ұлтаралық тілі «Тіл – ілім-білімнің бастауы» («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	-Қазақ тілін қолдану аясын кеңейту; - Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу	Он күндік	Сынып жетекшілер

	<i>жобасы)</i>			
--	----------------	--	--	--

## ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1 қазан - Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушы Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл
- 

№	Іс-шараның атауы	Құндылық индикаторы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар
1	«Кітап сенімді дос» («Балалар кітапханасы» жобасы)	-Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту,кітап оқуды арттыру	әдебиеттермен танысу	Сынып жетекшілер
2	« Ұстазыма рахмет! » («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	- Дұрыс қарым-қатынас орната білу; Адал еңбекті құрметтеу;	Құттықтау челлендж	Сынып жетекшілер
3	«Әкем айтқан ақыл ...»	-Адал еңбекті құрметтеу - Білуге, жаңаны тануға құштар болу	Сырласу	Сынып жетекшілер
4	«Қайта жаңғырған Республика күні» (Ұрпаққа аманат» жобасы) «Жас Ұлан», «Жас Қыран»	Республика күнін дәріптеу, «Жасұландар» ұйымына ену	Іс шара	Қ.Байырова сынып жетекшілер
5	«Денсаулықтың 6 шарты – таза ауа,тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы,көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу»	-Білуге, жаңаны тануға құштар болу; - Физикалық белсенді болу; - Салауатты өмір салтын ұстану	Баяндама	Сынып жетекшілер
6	«Өзіңе-өзің қожайын бол!»	Психологиялық қызмет ,өзін -өзі басқару	Түсіндіру	мұғалімдері
7	«Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық»	Құқық бұзудың алдын алу	Түсіндірме	Сынып жетекшілер
8	25-қазан Республика күні»	Патриоттық тәрбие қалыптастыру	Ән байқауы	Сынып жетекшілер
9	29 қазан «Қамқоршылар» күніне орай іс-шаралар	Қарттарға,көп балалы отбасыларға көмек	Акция	Сынып жетекшілер

## ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

- 15 қараша - Ұлттық валюта күні
- Күзгі демалыс

№	Іс-шараның атауы	Құндылық индикаторы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар
1	«Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Достарына, сыныптастарына мейірімділік таныту. Дұрыс қарым-қатынас орната білу	Мақал-мәтелдер	Сынып жетекшілер
2	«Адами қарым-қатынас ізгіліктері» (Ұрпаққа аманат» жобасы)	Академиялық адалдық қағидаларын ұстану, дұрыс қарым-қатынас орната білу	Тренинг	психолог
3	«Теңге-Қазақстанның үміті мен өмірінің символы» ұлттық теңге күніне арналған кітаптар көрмесі».	Көрме ұйымдастыру	Іс шара	
4	«Баланың басты ұстазы- ата-ана» (Ата-аналар мектебі) жобасы	Мектепшілік ата-аналар жиналысы	Тренинг	Сынып жетекші
5	“Өзіңді білуің адамгершілікке жеткізеді” («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну	Сырласу	Үзілістерде сауалнама алу
6	Сыбайлас жемқорлыққа қарсылық таныту (Жеткіншектің жеті жарғысы жобасы)	Дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған шаралар	Сынып сағаттары	Пән мұғалімдері
7	Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мақсатында «Асық ойынын» ұйымдастыру	Ұлттық ойындар ойнату	Дәріптеу	Пән мұғалімі
8	«Интернет пен әлеуметтік желідегі оқушы рөлі»	әлеуметтік желідегі өзін – өзі ұстау мәдениеті	Дебат Сынып сағаттары	Сынып жетекшілер

## ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

➤ 16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Іс-шараның атауы	Құндылық индикаторы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар
1	«Тоғызқұмалақ-дау» «Ұлттық мектеплигасы» жобасы	Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту	Дәріптеу	Пән мұғалімдері
2	«Мен – еріктімін, сен де ерікті бол» («Еңбегі адал жасөрен» жобасы)	Қарт адамдарға көмек қолын созу	Акция	Пән мұғалімдері
3	«Ғаламторсыз күн» Қауіптің алдын алу	Балалардың ақпараттық қауіпсіздігі және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету	Ақпарат	Сынып жетекшілер
4	«Тәуелсіздік- тұғырың биік болсын!» «Жас Ұлан», «Жас Қыран» (Өр талапты, озық ойлы ұлан» жобасы	Тәуелсіздік мерекесін тойлау ,мерекелік шара		Салтанатты жиын
5	«Ауырмайтын жол ізде» (СПИД, ОРВИ, тұмау түрлері, ВИЧ инфекциясы и.т.с.с)	Әлеуметтік маңызды аурулардың алдын алу үшін ата-аналарға кеңес беру	Танымдықс абақ	Дәрігермен кеңес
6	«Жарқыра, Жайна, Жаңа-Жыл!»	Жаңа -жылдық от шашу		

## ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

### ➤ Қысқы демалыс

№	Іс-шараның атауы	Құндылық индикаторы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар
1	«Ата - аналардың бала тәрбиесіндегі құқықтық жауапкершілігі»	Бала тәрбиесіндегі маңыздылық	Кездесу	Ата-аналармен жұмыс
2	«Қорықтар туралы», «ШҚО облысының Қызыл кітабындағы жануарлар»	Қорғауға алынған жануарлар, табиғат адамзат байлығы екенін түсіндіру шаралары	фильмдер	Пән мұғалімдері
3	«Асық, тоғызқұмалақ, қазақша күрес» ұлттық ойындардан байқау ұйымдастыру	Қазақтың ұлттық дәстүрлі ойындарын ойнату, сабақ барысында қолдану	Сайыс	Пән мұғалімі
4	«Этикет және әдеп ережелері» тақырыбында түсіндіру сабақтары.	Эстетикалы, этикалық мәдениетті қалыптастыру	Түсіндірме үнемі	Пән мұғалімдері
5	«Қалдықтарды табысқа айналдырайық» ( <i>Еңбегі адал жас өрен жобасы</i> )	Табиғатқа жанашырлықпен қарау оның тазалығын бақылауды ұстау	Тазалық күні	
6	«Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен» ( <i>«Ата-аналар мектебі» жобасы</i> )	Әкелермен тренинг өткізу		Сынып жетекшілер

## АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Құндылық индикаторы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар
1	«Сені жетелеген мамандық» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Алға қойған мақсаттарын айқындау	Эссе	Пән мұғалімдері
2	«Сабырлы мінез» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну	Пікір алмасу	Қыздар жұмысы
3	Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	Эстетикалық мәдениет қалыптастыру		
4	«Домбыра – қазақ халқының жаны»	Ұлттық дәстүрдә дәріптеу	Челлендж	Оқушылар
5	«Туберкулез қауіпті дерт» Дүниежүзілік туберкулезбен күрес күні	Бейнематериалдар көру		Дәрігер кеңесі

## НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні
- 

№	Іс-шараның атауы	Құндылық индикаторы	Аяқталу Нысаны	Жауаптылар
1	«Алғыс айту -артық етпес» («Жеткіншектің Жетіжарғысы» жобасы)	Ұлттық мәдениетті дәріптеу халқына адал қызмет ету		Пән мұғалімдері
2	Мектепте жаза қолданған дұрыс па бұрыс па?	Ата-аналар қауымдастығы	Сауалнама	Ата- аналармен жұмыс
3	«Туберкулез қауіпті дерт» Дүниежүзілік туберкулезбен күрес күні	Жұқпалы ,вирустық аурулардан сақтану	Кеңес	Мед бике
4	«Көктем -сабырлы мінез тектес» «Ұлы күн-Наурыз!»	Ұлттық дәстүрді дамыту	Іс шара	мұғалімдер сынып жетекшілер
5	«Қазақтың ұлттық ойындарын жаңғырту»	Ұлттық ойындардан жарыстар өткізу	Топтық сайыс	Дене тәрбиесі пәні мұғалімі
6	«Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды» (Ата-аналар мектебі жобасы)	Халықаралақ аналар,қыздар мерекесі	Құттықтау лар	Сынып Жетекшілер

## СӘУІР– ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ

12 сәуір - Ғылым күні

№	Іс-шараның атауы	Құндылық индикаторы	Аяқталу Нысаны	Жауаптылар
1	«Қалдықтарды табысқа айналдырайық» (Еңбегі адал жас өрен жобасы) 1-4 Сыныптар	Табиғатқа жанашырлықпен қарау оның тазалығын бақылауды ұстау		
2	«Ұлы Дала мұрагерлері» («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	Ұлттық мұраға ұқыпты қарау Ұлттық мәдениетті дәріптеу Адал еңбекті құрметтеу	Бейне сабақтар	Тарих пәні мұғалімі
3	«Ұлттық киім –ұрпаққа мұра» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Ұлттық мәдениетті дәріптеу Ұлттық мұраға ұқыпты қарау	Көрме	Көркем еңбек пәні мұғалімі
4	Балаларға ерте табыс табуды үйрету олардың болашағы үшін қаншалықты маңызды болуы мүмкін?	Қиындықтары қаншалық? (Психологиялық қызмет және мектептегі татуласу қызметтерін ұйымдастыру)	Сауалнама	мұғалімдер сынып жетекшілер
5	«Ақыл айтпа ,жол көрсет»	Жолда жүру ережелерін сақтау	Әңгіме	



## МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

№	Іс-шараның атауы	Құндылық индикаторы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар
1	«Ұлттар достастығы» («Балалар кітапханасы»)	Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу Ұлттық мәдениетті дәріптеу Халқына адал қызмет ету	Кітапхана ғааяхат	Пән мұғалімдері
2	«Ең таза сынып», «Ең таза мектеп», «Ең таза ауыл»	Әрдайым ұқыпты бол! Ерте жастан бастап экологиялық мәдениет	Сенбілік	Сынып жетекшілер
3	15 мамыр-Халықаралық Отбасы күні.	Отасы туралы білімдерін кеңейту	Челендж	Сынып жетекшілер
4	31 мамыр – Репрессия құрбандарын еске алу күні	Ескерткішке гүл шоқтарын қою	Еске алу	
5	Мамыр- Отан қорғаушылар күніне «Менің атам жақсы адам»	Отан қорғаушылар еңбегі	Шығарма	Сынып жетекшілер
6	«Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді!» («Жеткіншектің Жетіжарғысы» жобасы)	Ардагерлер тақтасына құрмет	Тағзым	
7	«Сыңғыры жер шарлаған- қоңыр үнді қоңырау»	Соңғы қоңырау салтанатты жиыны		Сынып жетекшілер